


Кітап - алтын қазына

19 сәуірде аудан орталығында орналасқан орталықтандырылған кітапхана жүйесінде «Кітапхана түні» тақырыбында акция өткізілген болатын.

Кітапханаға жастардың көптеп жиналуы, әрине, қуантпай қоймады. Жас толқын білімдерін ортаға салып, жаңа оқулықтармен танысып, ән айтып, би



Оның негізгі мақсаты - жаңа оқырмандарды жұмылдыру, кітапхананың жабық қорларына кіру және демалыс уақытын ұйымдастыру.

«Кітапхана түнінің» бағдарламасы оқырмандардың қызығушылықтарын ескере отырып жасалған. Олардың назарына «Жастар аялдмасында» брейк-данс биі, шығармашыл жас ақындар мен поэзия майталмандарының басы қосылатын «Поэтикалық микрофон» конкурсы, «Библиошар» интеллектуалдық ойыны, жаңа кітаптарға толы «Кітап дүңгіршегі», «Күндіз қолың бос болмаса, түнде оқы» акциясы, «Болашақ оқырман, армысың!» флешмобы ұсынылды.

Кешті Танысбеков Әмірлан «Тектоник» биімен ашты. Сонымен қатар Бостамбаев Саянның орындауындағы «Мен деп ойла» әні жиналған оқырмандарды бір серпілті.

Кеш басында мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Р. Құтжанова сөз алып: «... «Кітапхана түні» іс-шарасы ауданымызда алғаш рет өткізілуде. Оқырмандардың игілігі үшін пайдалы акция жылдан-жылға қызықты болып өткізіледі деген ойдамын» - деп ойын қорытты.

Көрермендер назарына «Бүгінгі іскер кітапхана» слайд-шоуы ұсынылды. Ал «Поэтикалық микрофон» конкурсында жүргізушілер сөз кезегін ақын, Мыңбаев ауылының тұрғыны В. Туляковқа берді. Оқырман залында - «Алтайдың ақиық қаламгері» атты республикалық «Бір ел - бір кітап» акциясы қарсаңында біздің жерлестеріміздің шығармашылығына арналған әдеби кеш өтті. Кейіннен жас ақындар толқыны: Самат Жансұлу, Аубакирова Мерей, Ахметжанова Әнел атақты ақын-жазушыларымызға арнаған арнауларын оқыды.

«Менің туған өлкем» өлкетану сұрақ-жауабында көрермендер ұстап алған шараларын жарып, ішіндегі сұрақтарға жауап қатты.

билеп, кітапхана кешін жандандырып отырды. Осы түні кітапхана оқырманы санатына қосылмағандар қосылып, сыйлықтармен марапатталды. Және де кітапты мерзімдік уақыты өткеннен кейін тапсырған оқырмандарға кешірім жасалды. Тағы айта кетер жағымды хабар, оқырман қауым өздерінің оқыған кітаптарын кітапхана ішіндегі жаңа тақырыптағы кітаппен айырбастауға мүмкіндік алды.

Сонымен қоса кеш барысында шахмат ойындары өткізіліп, интернет-кафе жұмыс жасап отырды. Кітапхана қызметкерлері кешке қатысушылар үшін дастарқан жайып, ыстық шайларын беріп отырды.

Кеш барысында үздік оқырмандар марапатталды. «Оқырман залының лидері» атағын Е. Сәлменов иеленсе, «Кітапхананың белсенді оқырманы» атағын Л. Кондыбко мен А. Мадкенова жеңіп алды. «Отбасымызбен оқимыз» номинациясын Фарид Мұқашқызы мен Светлана Әбдісәлімқызының отбасылары иеленді. «Мистер фэнтези» номинациясы бойынша А. Кошевец пен В. Оноприненко марапатталды. «Салалық әдебиеттің әуесқойы» номинациясына М. Жұмабаева, ал «Қазақстандық кітаптың патриоты» номинациясына Ә. Баспақов лайық деп танылды. Шахмат ойындары бойынша В. Чемерисов 1-орынды, Ж. Имашев 2-орынды, ал Ш. Тойшыбай 3-орынды ұтып алды. Қорытынды бойынша 2012 жылдың үздік оқырманы болып К. Сұлтанбекова танылды. Күлбағираш Байкенқызы бір жылдың ішінде 140 кітап оқып шыққан екен. Конкурсқа қатысушылардың барлығы бағалы сыйлықтармен марапаттапды. Осындай қызықты кештің өтуіне демеушілік көрсеткен жеке кәсіпкерлер Қ. Орынтай мен Б. Есембаевқа кітапхана ұжымы алғыстарын білдіре отырып, кәсіптеріне береке тілейді.

Мақпал ЖҰМАТАЕВА